

технологиялық процесстің сипатына қатысты болады. Мысалға, наубайхана өндірісінде негізгі шикізат және материалдарға ұн, тұз, ашытқы және су жатқызылады. Көмекші шикізат және материалдар өнімдердің сапасын жақсартуға әсерін тигізеді, олар белгілі бір тұтыну қасиеттерін береді.(қант, сүт, хош иіс);

- сатып алынатын жартылай фабрикаттар - өндеудің белгілі бір сатысынан өткен, бірақ әлі де дайын өнім болып саналмайтын шикізат және материалдар. Яғни, материалдық негізін құрайды;

- отын – өндірістегі өзінің тағайындалу және пайдалану жағдайлары бойынша энергетикалық, технологиялық, двигательдік (жанар, жағар май) және шаруашылық мұқтаждықтары үшін (ғимараттар мен үй жылытулары үшін) отын болып бөлінеді;

-ыдыс және ыдыстық заттар – бұл әртүрлі материалдар мен дайын өнімдерді орау, буып-түю, тасымалдау және сақтау үшін пайдаланатын заттар;

-қосалқы бөлшектер машиналар мен құрал жабдықтардың тозған бөлшектерін жөндеу және ауыстыру үшін қызмет етеді;

-өзге де материалдар өзіне аталмыш ұйымда материалдар, отын немесе қосалқы бөлшектер ретінде, пайдалана алатын, негізгі құралдардың шығарылып тасталуынан алынған материалдарды, өндіріс қалдықтарын, түзетуге келмейтін ақшаларды енгізеді;

-басқа жаққа қайта өндеуге берілген материалдар – бұл сырт ұйымдардың өндеуіне тартылған және одан кейін одан алынған өнімдердің өзіндік құнына қосылатын материалдар;

-құрылыс материалдары – құрылыс салушы ұйымдар есепке алынатын, құрылыс бөлшектерін жасау, ғимараттар мен құрылыстардың бөліктерін және конструкцияларын бөлу және көтеру үшін тікелей құрылыс және монтаж жұмыстары процесінде пайдаланатын материалдарды, сондай-ақ құрылыс мұқтаждықтары үшін қажетті өзге де тауарлы – материалдық қорларды білдіреді [2].

Қорыта келгенде, өндірістік қорлар кез-келген кәсіпорында маңызды орын алып, ал оларды басқару кәсіпорын басшылығы үшін ерекше мәнге ие болады.

#### Әдебиеттер

1. Қаржылық есеп (ілгерлемелі): оқулық / С.С. Шакеев. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. — 212 бет.

2. Досманбетова А.С. Бухгалтерлік есеп : оқу құралы; ҚР білім және ғылым мин-гі, Халықаралық бизнес ун-ті. - Алматы: LEM, 2020. - 388 б.

Мәди Т.Е., 2 курс (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)

Ғылыми жетекші: Ә.Ғ.М., аға оқытушы Амиркулова М.Б.

### БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ӘДІСТЕРІ

Бухгалтерлік есеп – адамзат қоғамындағы қаржы-экономикалық қатынастардың маңызды элементі. Бухгалтерлік есеп адамдардың

экономикалық қызметін тіркеу, бақылау және талдау жүйесі ретінде бірнеше мың жыл бұрын пайда болды. Ол адамзат қоғамының дамуымен бір уақытта дамыды және жетілдірілді. Бухгалтерлік есептің тұжырымдамалары мен принциптері таңдалды, және жаңа ұрпақтармен толықтырылды. Көптеген дәуірлер мен мемлекеттер адамдардың осы ғылыми және практикалық қызметіне өз үлестерін қосты. Бухгалтерлік есеп – бұл мүліктің жай-күйі мен қозғалысын, есептер мен міндеттемелерді, шаруашылық жүргізуші субъектінің жеке қаржылық нәтижелерін көрсететін реттелген және реттелетін ақпараттық жүйе. Бухгалтерлік есеп экономикалық құбылыстардың сандық жағын олардың сапалық жағымен үздіксіз, құжатталған және өзара байланысты барлық экономикалық операцияларды заттай және ақшалай түрде тіркеу арқылы анықтайды.

Бухгалтерлік есепті мемлекеттік реттеу тәртібі, есептілікті жариялау қағидалары және бухгалтерлік ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ететін шаралар заңнамалық түрде белгіленеді. Басқару жүйесінде бухгалтерлік есеп бірқатар функцияларды орындайды, олардың негізгілері: бақылау, меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, ақпараттық, кері байланыс, аналитикалық. Бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың әдістемелік негізін құжаттау, инвестиция, бухгалтерлік баланс екі жақты жазуды пайдалананып аналитикалық және синтетикалық шоттар жүйесі, мүлік пен міндеттемені бағалау, калькуляция, есеп берушілік сияқты тәсілдер құрайды.

Бухгалтерлік есептің тәсілдері мен әдістері бір-бірімен тығыз байланысты. Бухгалтерлік есеп жүйесі үздіксіз қызмет істеп, қажетті ұйымдарды нақты ақпараттармен қамтамасыз етуі үшін осы әдістері орындалуы керек. Бухгалтерлік есеп әдісі: кәсіпорынның мүлкі мен міндеттемелерінің жай-күйі туралы түсінік алу; кәсіпорын қаражаты мен олардың көздерінің құрамындағы өзгерістерді тұрақты және жаппай тіркеуді қамтамасыз ету; кірістер мен шығыстардың барлық түрлерін қамту арқылы қызметтің (пайда немесе шығын) қаржылық нәтижелерін анықтау; өткізілетін өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын калькуляциялау үшін қажетті деректерді ұсыну; кәсіпорынның салық міндеттемелерін есептеу үшін бастапқы мәліметтерді ұсыну; бизнес бойынша серіктестермен, банктермен, қаржы және салық органдарымен заңды дауларды шешуде дәлелді күші бар ретінде бухгалтерлік деректер мен құжаттарды пайдалану; бухгалтерлік есеп жасау және оны барлық мүдделі пайдаланушыларға ұсыну арқылы есепті кезеңдегі кәсіпорынның қызметі туралы мәліметтерді қорытындылау.

Бухгалтерлік есептің әдістері келесідей түрлерден тұрады: құжаттау; түгендеу; шоттар; екі жақты жазу; бағалау; калькуляциялау; бухгалтерлік баланс; есеп беру; қорытынды есеп.

Сонымен, бухгалтерлік есеп әдісі – кірісті есептеу үшін материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын басқару процесі арқылы оның тақырыбының мәнін білудің өзара байланысты жиынтығы. Бухгалтерлік есепті автоматтандыру және экономикада математикалық әдістерді қолдану бухгалтерлік процестерді модельдеуге мүмкіндік береді. Ол жоғарыда аталған бухгалтерлік есеп әдісінің элементтеріне қатысты дәйекті түрде де, қойылған

міндеттерге сүйене отырып, олардың тығыз байланысында да жүзеге асырылуы мүмкін.

Осылайша, бухгалтерлік есеп әдісінің барлық элементтерінің өзара байланысты жұмыс істеуі оның тақырыбының толық және үздіксіз, объективті және жүйелі көрінісін қамтамасыз етеді. Бұл оның мәнін білуді қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер

1. Сұлтанова Б.Б. Бухгалтерлік есеп: оқу құралы; Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті. -Алматы: Қазақ университеті, 2017. -216б.

2. Торшаева Ш.М. Бухгалтерлік есептің негіздері: оқулық. -Қарағанды: Арко, 2017. -222б.

3. Таштанова Н.Н., Сапарбаева С.С., Жаппасова Р.Е. Бухгалтерлік есеп негіздері: оқу құралы, -Алматы: Фортуна Полиграф, 2020. -187б.

Махмұт Т.С., 1 курс магистрант (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)  
Ғылыми жетекші – э.ғ.к., доцент Шакеев С.С.

#### ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Дебиторлық берешектің жағдайы, оның мөлшері мен сапасы ұйымның қаржылық жағдайына қатты әсер етеді. Дебиторлық берешекті басқару үшін оны талдау қажет. Дебиторлық берешекті талдау кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауға қатысты өзара байланысты мәселелер кешенін қамтиды.

Бухгалтерлік есеп және ұйымның бүкіл қаржылық басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, дебиторлық берешекті талдау оны басқаруға мүмкіндік береді:

- дебиторлық берешектің шамасы кезеңнің басымен салыстырғанда қалай өзгергенін анықтау;

- ағымдағы жылдың шегінде ұйымның дебиторлық берешегінің жағдайын болжау, бұл оның қызметінің қаржылық нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді [1].

Ұйымның қызметінде дебиторлық берешекті талдау арқылы қамтамасыз етіледі:

- басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажетті берешектің жай-күйі мен динамикасы туралы уақтылы ақпараттың түсуін, берешектің жағдайын тұрақты және нақты бақылау;

- дебиторлық берешек мөлшерін бақылау;

- дебиторлардан ақшалай қаражаттың жедел түсуі және тиісінше айыппұл санкцияларына жол бермей, кредиторлар алдындағы берешекті өтеу;

- несиеге қабілетсіз және күмәнді дебиторларды жедел белгілеу;

- есеп айырысу саясатын таңдау, атап айтқанда тауар несиелерін, дебиторларға жеңілдіктер мен жеңілдіктер беру және т. б.

Г. В. Савицкаяның пікірінше, есептеулердің жай-күйін талдау барысында